

Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған бояғыштар мен қосалқы заттардың тізбесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 9 қарашадағы N 670 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 23 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5872 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-191/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 13.11.2020 № ҚР ДСМ-191/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексін іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған бояғыштар мен қосалқы заттардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармацевтикалық бақылау комитеті (С.А. Баймұқанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.А. Біртановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министрдің
міндетін атқарушы

Б. Садықов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2009 жылғы 9 қарашадағы
N 670 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған бояғыштар мен қосалқы заттардың тізбесі

Коды	Орыс тіліндегі атауы	Ағылшын тіліндегі атауы
дәрілік заттардың ішінде қолдануға тыйым салынған бояғыштар		
E121	2 Цитрусты кызыл	Citrus Red 2
E123	Амарант	Amaranth
E154	FK қоңыр	Brown FK
балаларға арналған дәрілік заттардың ішінде қолдануға тыйым салынған бояғыштар		
E102	Тартразин	Tartrazine
E104	Хинолинді сары	Quinoline Yellow
E107	2 G сары	Yellow 2 G
E110	FCF "Күннің батысы" сары, S қызғылт-сары	Sunset Yellow FCF, Orange Yellow S
E120	Кошениль, Кармин қышқылы, карминдер	Cochineal, Carminic acid, Carmines
E122	Азорубин, Кармоизин	Azorubine, Carmoisine
E127	Эритрозин	Erythrosine
E128	2G қызыл	Red 2G
E131	V патенттелген көк	Patent Blue V
E132	Индигогин, Индигокармин	Indigotine, Indigo Carmine
E133	FCF жылтыраған көк	Brilliant Blue FCF
E155	HT қоңыр	Brown HT
E162	Қызылша түстес қызыл, Бетанин	Beetroot Red, Betanin
дәрілік заттардың ішінде қолдануға тыйым салынған қосалқы заттар		
1	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясына енгізілмегендер	
2	Қазақстан Республикасында қолданылады деп танылған, фармакопеяға енгізілмегендер	
3	фармацевтика өндірісіне және дәрілік заттарды дайындауға арналған қосалқы заттардың нормативтік құжаттарына енгізілмегендер	